05.02.2025 жылғы
№ 25 бұйрыққа № 1 Қосымша

**Бекітемін**
«Казцинк-Энерго» ЖШС бас инженері

________________В. В. Долженко
«05» ақпан 2025 жыл

**Электр желілерін ағымдық жөндеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуға арналған**
**КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына» (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес «Казцинк-Энерго» ЖШС тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу конкурсын ұйымдастырушы болып табылады.

**Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жоспарлау, оның қағидаты мен тәсілдері**

1. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу екі кезеңдік рәсімдерді пайдалану жолымен портал арқылы жүргізіледі.

Портал арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың екі кезеңдік рәсімдері мынадай рәсімдерді қамтиды:

1) отандық тауар өндірушілер арасындағы конкурс;

2) конкурс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы берген Индустриялық сертификат тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі әлеуетті жеткізушінің тауар өндірісін растайтын құжат болып табылады.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс өткізу жолымен сатып алу портал арқылы өткізіледі және мынадай кезеңдер көзделеді:

1) конкурстық комиссияны қалыптастыру;

2) конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту;

3) конкурстық құжаттаманы порталда орналастыру;

4) конкурсқа қатысуға жіберуге өтінімдер қабылдау;

5) конкурсқа қатысуға жіберуге өтінімдерді ашу, өтінімдердің конкурс талаптарына сәйкестігін қарау, қабылдаудан бас тартылған өтінімдер бойынша деректерді енгізе отырып ашу хаттамасын қалыптастыру, сондай-ақ жоқ немесе қатесі бар құжаттарға сұрау салу және қабылдаудан бас тартылған өтінімдерді конкурс талаптарына сәйкес келтіру;

6) конкурсқа жіберілген және қабылдаудан бас тартылған қатысушылар бойынша ақпаратты көрсете отырып өтінімдерді қарау хаттамасын қалыптастыру;

7) конкурстық өтінімдерді қабылдау;

8) конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету;

9) конкурстық өтінімдерді ашу, комиссияның конкурстық өтінімдерді конкурс талаптарына сәйкестігіне қарауы, конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын жасау және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын жасау;

10) конкурс қорытындылары туралы хаттама жасай отырып, конкурс жеңімпазын айқындау;

11) конкурс жеңімпазымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт (шарттар) жасасу.

**Конкурстық өтінімдердің қолданыс мерзімі, мазмұны, ұсыну, өзгерту және қайтарып алу**

3. Біртекті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға конкурс өткізу кезінде табиғи монополия субъектісі қажет болған кезде конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға)

бөледі. Бұл ретте конкурс жеңімпазы тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің әрбір лоты бойынша анықталады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың жылдық көлемін бөліктерге бөлуге болмайды.

4. Конкурстық құжаттама мынадай мәліметтерді:

1) Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруды;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) техникалық сипаттізімді;

3) болған жағдайда жоспарларды, сызбаларды, нобайларды;

4) шарт жобасын қамтиды.

5. Әлеуетті өнім беруші табиғи монополия субъектісінен конкурстық құжаттаманы түсіндіруді, бірақ конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей сұрата алады. Табиғи монополия субъектісі сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осындай сұрау салуға жауап береді және осындай түсіндірмені конкурстық өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге жібереді. Әлеуетті өнім берушінің сұрау салуы және табиғи монополия субъектісінің жауабы портал арқылы жүзеге асырылады.

6. Конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі кемінде он бес жұмыс күнін құрайды.

7. Конкурстық өтінім конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттама шарттарына сәйкес тауарды жеткізуге, жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге келісімін білдіруі болып табылады.

8. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін портал арқылы электрондық құжат нысанында ұсынады.

9. Әлеуетті өнім беруші Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша мынадай құжаттардың электронды көшірмелерін не электронды құжаттарды қоса бере отырып, конкурсқа қатысуға өтінім береді:

1) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетілген, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарымен бірге техникалық сипаттізім;

2) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған, мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын лицензиялар, рұқсаттар (хабарламалар), патент, куәлік, сертификат, диплом (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

3) әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының банк немесе банк филиалы алдындағы әлеуетті өнім берушінің міндеттемелері бойынша үш айдан артыққа созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы анықтамасы (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте берілмеген анықтама;

4) тиісті салық органы конкурстық өтінімдер ашылатын күннен үш айдан ерте бермеген салық берешегінің жоқ екендігі не бір теңгеден кем салық берешегінің бар екендігі туралы анықтамасы;

5) егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, онда мыналар ұсынылады:

осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатыны және салықтық есепте тұрмайтыны туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасы;

«Қазақстан Республикасының шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес апостиль қойылған (заңдастырылған) құқық белгілейтін құжаттардың тізбесі;

6) Қағидалардың 147-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің банктік шотына конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізгенін растайтын төлем тапсырмасы (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

7) егер конкурс стратегиялық тауарды сатып алуға жарияланған жағдайда, тиісті құзыретті органнан алынған әлеуетті өнім берушінің стратегиялық тауарды өндіруші болып табылатынын растайтын құжаттар;

8) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20771 болып тіркелген) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша тіркеуші орган берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер;

9) егер әлеуетті өнім беруші қосымша құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда, қосымша құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесі не электрондық құжаттың қағаздағы көшірмесі қоса беріледі.

10) ақпарат болған жағдайда жабдықтың өндірушісі туралы ақпарат беру қажет;

11) егер әлеуетті өнім беруші осы тауардың өндірушісі болып табылмаса, осы жабдықтың өндірушісімен (болған жағдайда) алдын-ала шартты (келісімшартты, келісімді) беру қажет.

10. Әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер жиынтық көлемінің үштен екісінен астамын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруіне болмайды.

Әлеуетті өнім беруші өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін, бұл ретте өзінің конкурстық өтінімінің кепілді қамтамасыз етілуін қайтару мүмкіндігін жоғалтпай, портал арқылы өз өтінімін түзетеді немесе кері қайтарып алады.

**Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету**

Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді ұсынған кезде бір мезгілде оның конкурстық өтінімінде ұсынылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының бір проценті мөлшерінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді салады.

11. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мына түрлердің бірінде:

1) әлеуетті өнім берушінің табиғи монополия субъектісінің тиісті банктік шотына салатын ақша кепілі;

2) банктік кепілдеме түрінде ұсынылады.

12. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі – конкурстық өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем емес.

13. Әлеуетті өнім берушілер, егер:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылса және олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемінің жалпы құны айлық есептік көрсеткіштің алты мың еселенген мөлшерінен аспаса;

2) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі құрған тауар, жұмыс қызмет өндіретін ұйымдар болып табылса және олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемінің құны айлық есептік көрсеткіштің он сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, конкурстық өтінімді қамтамасыз ету салмайды.

14. Табиғи монополия субъектісі:

1) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өткен;

2) сатып алу шарты күшіне енген;

3) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінім кері қайтарып алынған;

4) конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермейтіндіктен қабылданбаған;

5) конкурс жеңімпазы анықталмай, сатып алу рәсімдерін тоқтатылған жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарады.

15. Егер әлеуетті өнім беруші:

1) конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) егер ол конкурстың жеңімпазы немесе екінші орынды алған әлеуетті өнім беруші деп анықталып, осы Қағидалардың 160-тармағымен белгіленген мерзімдерде сатып алу туралы шарт жасаспаған жағдайларда конкурстық өтінім мен оны қамтамасыз етуді ұсынған әлеуетті өнім берушіге конкурстық өтінімді қамтамасыз ету қайтарылмайды.

## Конкурстық өтінімдерді ашу

16. Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде портал әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін ашуды автоматты түрде жүзеге асырады.

17. Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 152-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге порталда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын орналастырған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерін Қағидалардың 152-тармағының талаптарына сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

18. Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 152-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын ресімдейді.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында мынадай ақпарат:

1) талаптарға сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілердің тізбесі қамтылады, онда әлеуетті өнім берушілерден бас тартудың себептері, оның ішінде олардың талаптарға сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар егжей-тегжейлі сипатталады;

2) ұсынылуы және талаптарға сәйкес келтірілуі тиіс құжаттар тізбесі қамтылады.

19. Конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу туралы шешімі конкурстық өтінімдерді беру аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылданады және конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні оны порталға орналастырады.

20. Осы Қағидалардың 152-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер болмаған жағдайда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы қалыптастырылмайды. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына конкурстық комиссия мүшелері қол қояды.

21. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауға жол бермейді.

22. Егер баға ұсынысы конкурстық құжаттамада сатып алуға көзделген сомадан 50 пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік ұсыныс деп танылады. Әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде ұсынылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының 10 пайызы мөлшерінде қосымша қамтамасыз етуді енгізген жағдайда демпингтік бағаны ұсынуға жол беріледі.

23. Бағалауға және салыстыруға қабылданған конкурстық өтінімдер тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамаларының сәйкестігі ескеріліп, конкурстық баға ұсынысының ең төмен бағасы негізінде конкурс жеңімпазы айқындалып (лоттар бойынша) порталда қаралады.

## Конкурстық өтінімдерді бағалау, салыстыру

24. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін бағалауға және салыстыруға мынадай негіздер бойынша қабылдамайды:

1) осы Қағидалардың 142-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаса;

2) осы Қағидалардың 147-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді салмаса;

3) конкурстық өтінімде осы Қағидалардың 139, 140-тармақтарының талаптары бұзылып ұсынылған немесе ресімделген құжаттар болса;

4) тиісті салық органының анықтамасында бір теңге мөлшерінде және одан көп салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі туралы мәліметтер болса;

5) әлеуетті өнім берушінің міндеттемелерінің ең болмағанда бір түрі бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан ұзаққа созылған мерзімі өткен берешегі барлығы туралы банктің немесе банк филиалының анықтамасының болуы;

6) әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың техникалық сипаттізімінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық сипаттізім ұсынуы;

7) сенімсіз ақпарат ұсыну фактісі анықталса;

8) егер конкурсқа өзара үлестес тұлғалар ғана қатысса, әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылса;

9) конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің теңгедегі өтінімдерінің бағасы тізбеде көзделген сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе;

10) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын конкурстық комиссия демпингтік деп таныған жағдайда.

25. Конкурс жеңімпазын анықтау кезінде конкурстың әлеуетті өнім берушілерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағасы тең болған жағдайда, конкурстық құжаттаманы басқа әлеуетті өнім берушілерден бұрын ұсынған әлеуетті өнім берушіге басымдық беріледі.

26. Егер конкурс тұтастай немесе қандай да бір бөлігі (лот) бойынша өтпеді деп танылса, онда табиғи монополия субъектісі мынадай:

1) конкурс тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, қайталап конкурс өткізудің мерзімдері мен тәртібі бастапқы конкурс өткізуге сәйкес келеді.

Конкурсқа қатысуға екіден аз өтінім ұсынылған жағдайда бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру, конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамасы сәйкес келген жағдайда, оған портал арқылы жіберіледі. Конкурстық құжаттама сәйкес келген жағдайда, жасалған шарттың бағасы конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысынан аспайды.

Өтпеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде табиғи монополиялар субъектісі портал арқылы әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

Осы тармақта көрсетілген іс-әрекеттер табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрықтарымен ресімделеді.

27. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, қайта конкурс өткізу мерзімдері мен тәртібі бастапқы конкурс өткізуге сәйкес келеді.

Конкурсқа қатысуға екіден аз өтінім ұсынылған жағдайда бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға, оның ішінде конкурстық құжаттамасы сәйкес келсе, конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге де портал арқылы шақырту жіберіледі. Конкурстық құжаттамаға сәйкес келген жағдайда жасалған шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімде көрсеткен конкурстық баға ұсынысынан аспайды.

28. Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 152-тармағына сәйкес бағалау мен салыстыруға қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қоспағанда, конкурстық өтінімдерді бағалайды, салыстырады және ең төмен баға негізінде, мынадай өлшемшарттарды ескере отырып, жеңген конкурстық өтінімді айқындайды:

1) пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды;

2) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдері;

3) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамаларының сәйкестігі;

4) тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге кепілдік шарттары;

5) әлеуетті өнім берушінің біліктілік деректері;

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу өтінімдерін қараған кезде бағаларды отандық тауар өндірушілер болып табылатын әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарына шартты түрде он пайызға азайтуды қолданады.

29. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді ашқан күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығарады, табиғи монополия субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттама қалыптастырады және порталда орналастырады.

30. Конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық комиссия конкурстың қорытындылары туралы хаттама ресімдейді, онда мынадай ақпарат қамтылады:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы мен қысқаша сипаттамасы;

2) конкурстық өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы мен орналасқан жері;

3) конкурстық өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректері;

4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және басқа да негізгі шарттары;

5) конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыруды баяндау;

6) конкурстық өтінімдер бағалауға, салыстыруға қабылданбаған жағдайда олардың бағалау мен салыстыруға қабылданбауының негіздері;

7) әрбір лот бойынша конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және жеңімпаз анықталған шарттар;

8) екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің атауы, бағасы;

9) конкурс нәтижесінде жеңімпаз айқындалмаса, конкурстық комиссияның осындай шешім қабылдауының негіздері;

10) конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салуларды, оларға жауаптарды жинақтап баяндау, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтыруларды жинақтап баяндау;

11) сатып алу туралы шартқа қол қойылатын мерзім (бірақ конкурс жеңімпазы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күннен аспайды);

12) техникалық сарапшылар жұмылдыру туралы ақпарат;

13) конкурс өткізілген жағдайда Тізбеде көзделген осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға табиғи монополия субъектісі бөлген

## Сатып алу шарты

31. Табиғи монополия субъектісі конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазына хабарлама мен конкурстық құжаттамадағы шарт жобасына сәйкес келетін, қол қойылған сатып алу туралы шартты жібереді.

32. Конкурс жеңімпазы конкурс жеңімпазы деп тану туралы хабарламаны және сатып алу туралы шарттың жобасын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, электронды құжат туралы Заңға сәйкес электронды нысанда сатып алу туралы шартқа қол қояды немесе табиғи монополия субъектісін келіспеушіліктер туралы немесе сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тарту туралы портал арқылы хабардар етеді.

Табиғи монополия субъектісі жеңімпаз сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

Сатып алу туралы шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне сатып алу туралы шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электронды цифрлық қолтаңба арқылы куәландыруға тиіс.

Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші осы тармақтың екінші абзацында көзделген мерзімде табиғи монополия субъектісі қол қойған сатып алу туралы шартқа қол қоймаса, табиғи монополия субъектісі сатып алуды қайта жүргізеді.

33. Сатып алу туралы шарт оған тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

34. Сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа (өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған сапа, көлем және басқа да талаптар өзгермеген жағдайда бағаның төмендеуін қоспағанда) ұсыныстың өнім берушіні таңдау үшін негіз болған мазмұнын өзгертетін қандай да бір өзгерістер және (немесе) жаңа шарттар енгізуге болмайды.

35. Сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа өнім берушіні таңдауға негіз болған сапа, көлем және басқа да шарттар өзгермейтін жағдайда, бағаны азайтуға қатысты өзгерістер енгізуге болады.

36. Сатып алу туралы шартқа Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының нормалары қолданылады.

37. Конкурсқа қатысушының талабы бойынша конкурс нәтижелері және жеңімпазды таңдау себептері туралы толық ақпарат портал арқылы беріледі.

38. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушілері мен тұтынушылары сатып алу рәсімін жүргізу кезінде, оның ішінде техникалық ерекшелікте, сатып алу қорытындылары туралы хаттамада және жасалған шарттарда қойылатын талаптар бойынша табиғи монополия

субъектісінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссияның (хатшылықтың) хатшысының және техникалық сарапшылардың заңсыз әрекеттеріне уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына шағымдана алады.

39. Әлеуетті өнім берушілер мен реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар табиғи монополия субъектісінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының (хатшылық) және техникалық сарапшылардың сатып алуды жүргізу бойынша іс-әрекеттеріне шағымдануы кезеңінде сатып алу туралы шарт жасалмайды.

Бұл ретте өтінім беруші табиғи монополия субъектісін жоғарыда көрсетілген тұлғалардың әрекеттеріне шағымдануы туралы хабардар етеді.

Приложение № 1 к приказу
№ 25 от 05.02.2025 года

**Утверждаю**
Главный инженер ТОО «Казцинк-Энерго»

_______________В. В. Долженко
«05» февраля 2025 год

# КОНКУРСНАЯ ДОКУМЕНТАЦИЯ
## на закупку работ по текущему ремонту линий электропередач

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 27 декабря 2018 года № 204-VI «О естественных монополиях», и «Правилами осуществления деятельности субъектами естественных монополий» (далее - Правила), утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 13 августа 2019 года № 73, ТОО «Казцинк-Энерго» выступает организатором конкурса на закупку товаров, работ и услуг.

### Планирование, принцип и способы закупок товаров, работ и услуг

1. Закупки товаров, работ, услуг способом конкурса проводятся посредством портала путем использования двухэтапных процедур.

Двухэтапные процедуры закупок товаров, работ, услуг посредством портала включает в себя следующие процедуры:

1) конкурс среди отечественных товаропроизводителей;

2) конкурс.

Документом, подтверждающим производство товара потенциальным поставщиком, находящимся в реестре отечественных производителей товаров, работ и услуг, является Индустриальный сертификат, выданный Национальной палатой предпринимателей Республики Казахстан.

2. Закупки товаров, работ, услуг путем проведения конкурса проводятся посредством портала и предусматривают следующие этапы:

1) формирование конкурсной комиссии;

2) формирование и утверждение конкурсной документации;

3) размещение конкурсной документации на портале;

4) прием заявок на допуск к участию в конкурсе;

5) вскрытие заявок на допуск к участию в конкурсе, рассмотрение заявок на соответствие условиям конкурса, формирование протокола вскрытия с внесением данных по отклоненным заявкам, а также запрос отсутствующих или некорректных документов и приведение отклоненных заявок в соответствие с условиями конкурса;

6) формирование протокола рассмотрения заявок с отображением информации по допущенным и отклоненным участникам;

7) прием конкурсных заявок;

8) обеспечение конкурсных заявок;

9) вскрытие конкурсных заявок, рассмотрение конкурсной комиссией конкурсных заявок на соответствие условиям конкурса, составление протокола предварительного допуска к участию в конкурсе и составление протокола рассмотрения конкурсных заявок;

10) определение победителя конкурса с составлением протокола об итогах конкурса;

11) заключение договора(ов) о закупках товаров, работ, услуг с победителем конкурса.

### Срок действия, содержание, предоставление, изменение и отзыв конкурсных заявок

3. При проведении конкурса по закупкам однородных товаров, работ, услуг субъект естественной монополии в конкурсной документации разделяет товары, работы и услуги на части (лоты) по месту их поставки (выполнения, оказания). При этом победитель конкурса определяется по каждому лоту товаров, работ, услуг.

Не допускается в целях применения способа запроса ценовых предложений дробление годового объема закупок однородных товаров, работ, услуг в течение финансового года на части.

4. Конкурсная документация содержит следующие сведения:

1) объявление о проведении конкурса по форме 1 согласно приложению 3 к Правилам;

2) техническую спецификацию закупаемых товаров (работ, услуг) по форме 2 согласно приложению 3 к Правилам;

3) при наличии планы, чертежи, эскизы;

4) проект договора.

5. Потенциальный поставщик может запросить у субъекта естественной монополии разъяснения конкурсной документации, но не позднее чем за пять рабочих дней до истечения окончательного срока представления конкурсных заявок. Субъект естественной монополии не позднее трех рабочих дней со дня получения запроса предоставляет ответ на такой запрос и направляет такое разъяснение всем потенциальным поставщикам, представившим конкурсную заявку. Запрос потенциального поставщика и ответ субъекта естественной монополии осуществляются посредством портала.

6. Срок действия конкурсной заявки, представленной потенциальным поставщиком для участия в конкурсе, составляет не менее пятнадцати рабочих дней.

7. Конкурсная заявка является выражением согласия потенциального поставщика, претендующего на участие в конкурсе, осуществить поставку товара, выполнить работу, оказать услугу в соответствии с условиями конкурсной документации.

8. Заявка на участие в конкурсе представляется потенциальным поставщиком посредством портала в форме электронного документа до истечения окончательного срока ее представления, указанного в конкурсной документации.

9. Потенциальный поставщик предоставляет заявку на участие в конкурсе по форме 3 согласно приложению 3 к настоящим Правилам, с приложением следующих электронных копий документов либо электронных документов:

1) технической спецификации с описанием функциональных, технических, качественных и эксплуатационных характеристик товаров, работ, услуг, а также документов, подтверждающих соответствие товаров, работ, услуг этим требованиям;

2) лицензии, разрешения (уведомления), патента, свидетельства, сертификата, диплома, полученные в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях, сведения о которых подтверждаются в информационных системах государственных органов (при наличии соответствующего требования в конкурсной документации);

3) справки банка или филиала банка, в котором обслуживается потенциальный поставщик, об отсутствии просроченной задолженности по обязательствам потенциального поставщика, длящимся более трех месяцев, перед банком или филиалом банка (в случае, если потенциальный поставщик является клиентом нескольких банков второго уровня или филиалов, а также иностранного банка, данная справка представляется от каждого из таких банков). Справка, выданная не ранее одного месяца, предшествующего дате вскрытия конвертов с конкурсными заявками;

4) справки соответствующего налогового органа об отсутствии налоговой задолженности либо о наличии налоговой задолженности менее одного тенге, выданной не ранее трех месяцев до дня вскрытия конкурсных заявок;

5) в случае, если потенциальный поставщик не является резидентом Республики Казахстан и не зарегистрирован в качестве налогоплательщика Республики Казахстан, то представляется:

справки налогового органа Республики Казахстан о том, что данный потенциальный поставщик является нерезидентом Республики Казахстан и не состоит на налоговом учете;

правоустанавливающих документов с проставленным апостилем (легализованного) в соответствии с Законом Республики Казахстан «О присоединении Республики Казахстан к Конвенции, отменяющей требование легализации иностранных официальных документов»;

6) платежного поручения, подтверждающего внесение обеспечения конкурсной заявки на банковский счет субъекта естественной монополии (при наличии соответствующего требования в конкурсной документации), за исключением случаев, предусмотренных пунктом 147 настоящих Правил;

7) в случае, если конкурс объявлен на закупки стратегического товара, то представляются документы, подтверждающие, что потенциальный поставщик является производителем стратегического товара, полученных от соответствующего компетентного органа;

8) сведения о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица, выданной регистрирующим органом по форме, установленной в соответствии с приложением 6 Правил оказания государственных услуг в сфере государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств, утвержденных приказом исполняющего обязанности Министра юстиции Республики Казахстан от 29 мая 2020 года № 66 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 20771);

9) в случае, если потенциальный поставщик является плательщиком налога на добавленную стоимость, копии свидетельства о постановке на учет по налогу на добавленную стоимость либо бумажной копии электронного документа;

10) при наличии информации предоставить данные о производителе оборудования;

11) в случае, если потенциальный поставщик не является производителем данного товара, то предоставить предварительный договор (контракт, соглашение) с производителем данного оборудования (при наличии).

10. Не допускается передача потенциальным поставщиком субподрядчикам (соисполнителям) на субподряд (соисполнение) в совокупности более двух третей объема работ, услуг.

Потенциальный поставщик корректирует или отзывает свою заявку посредством портала до истечения окончательного срока представления заявки, не теряя при этом возможности на возврат гарантийного обеспечения своей конкурсной заявки.

**Обеспечение конкурсной заявки**

Потенциальный поставщик при представлении конкурсной заявки одновременно вносит обеспечение конкурсной заявки в размере одного процента от стоимости закупаемых товаров, работ, услуг, предложенной в его конкурсной заявке.

11. Обеспечение конкурсной заявки представляется в одном из следующих видов:

1) залога денег путем внесения потенциальным поставщиком на соответствующий банковский счет субъекта естественной монополии;

2) банковской гарантии.

12. Срок действия обеспечения конкурсной заявки - не менее срока действия самой конкурсной заявки.

13. Потенциальные поставщики не вносят обеспечение конкурсной заявки, если:

1) являются субъектами малого предпринимательства и объем предлагаемых ими товаров, работ, услуг в стоимостном выражении в целом, по конкурсу не превышает шеститысячекратного размера месячного расчетного показателя;

2) являются организациями, создаваемыми общественными объединениями инвалидов Республики Казахстан, производящими товары, работы, услуги и объем предлагаемых ими товаров, работ, услуг в стоимостном выражении по конкурсу не превышает восемнадцатитысячекратного размера месячного расчетного показателя.

14. Субъект естественной монополии возвращает обеспечение конкурсной заявки в течение пяти рабочих дней со дня наступления следующих случаев на основании письма от потенциального поставщика:

1) истечения срока действия конкурсной заявки;

2) вступления в силу договора закупок;

3) отзыва конкурсной заявки до истечения окончательного срока представления конкурсных заявок;

4) отклонения конкурсной заявки, как не отвечающей требованиям конкурсной документации;

5) прекращения процедур закупок без определения победителя конкурса.

15. Обеспечение конкурсной заявки не возвращается потенциальному поставщику, представившему конкурсную заявку и ее обеспечение в случаях, если потенциальный поставщик:

1) отозвал или изменил конкурсную заявку после истечения окончательного срока представления конкурсной заявки;

2) не заключил договор о закупках, в сроки установленные пунктом 160 настоящих Правил, если он был определен победителем конкурса или потенциальным поставщиком, занявшим второе место.

## Вскрытие конкурсных заявок

16. Вскрытие конкурсных заявок потенциальных поставщиков осуществляется автоматически порталом в установленный конкурсной документацией срок.

17. Конкурсная комиссия в случае выявления потенциальных поставщиков, не соответствующих требованиям, предусмотренным пунктом 152 настоящих Правил, предоставляет таким потенциальным поставщикам возможность для приведения заявок на участие в конкурсе в соответствие с требованиями пункта 152 Правил в течение трех рабочих дней со дня размещения протокола предварительного допуска к участию в конкурсе на портале.

18. Протокол предварительного допуска к участию в конкурсе оформляется конкурсной комиссией в случае выявления конкурсной комиссией потенциальных поставщиков, не соответствующих требованиям, предусмотренным пунктом 152 настоящих Правил.

Протокол предварительного допуска к участию в конкурсе содержит следующую информацию:

1) перечень потенциальных поставщиков, не соответствующих требованиям с подробным описанием причин их отклонения, в том числе с указанием сведений и документов, подтверждающих их несоответствие требованиям;

2) перечень документов, которые необходимо представить и привести в соответствие с требованиями.

19. Решение конкурсной комиссии о предварительном допуске потенциальных поставщиков к участию в конкурсе принимается в течение 3 (трех) рабочих дней со дня окончания представления конкурсных заявок и размещается секретарем конкурсной комиссии в день принятия решения о предварительном допуске к участию в конкурсе на портале с автоматическим уведомлением по электронной почте потенциальных поставщиков, подавших заявки на участие в конкурсе.

20. Протокол предварительного допуска к участию в конкурсе не формируется в случае отсутствия потенциальных поставщиков, несоответствующих требованиям пункта 152 настоящих Правил. Протокол предварительного допуска к участию в конкурсе подписывается членами конкурсной комиссии.

21. Конкурсной комиссией при повторном рассмотрении заявок на участие в конкурсе не допускается отклонять потенциальных поставщиков по основаниям, не предусмотренным в протоколе предварительного допуска.

22. Ценовое предложение признается демпинговым, в случае если оно более чем на 50 процентов ниже суммы, предусмотренной конкурсной документацией на закупки. Допускается представление демпинговой цены при условии внесения потенциальным поставщиком дополнительного обеспечения в размере 10 процентов от стоимости закупаемых товаров, работ, услуг, предложенной в его конкурсной заявке.

23. Конкурсные заявки, принятые к оценке и сопоставлению рассматриваются на портале, с определением победителя конкурса (по лотам) на основе самой низкой цены конкурсного ценового предложения, с учетом соответствия функциональных, технических и качественных характеристик товаров, работ, услуг.

## Оценка и сопоставление конкурсных заявок

24. Конкурсная комиссия не принимает к оценке и сопоставлению конкурсную заявку потенциального поставщика по следующим основаниям:

1) не представлены документы, указанные в пункте 142 настоящих Правил;

2) потенциальный поставщик не внес обеспечение конкурсной заявки, за исключением случаев предусмотренных пунктом 147 настоящих Правил;

3) конкурсная заявка, содержит документы, представленные или оформленные с нарушением требований пунктов 139, 140 настоящих Правил;

4) наличие в справке соответствующего налогового органа сведений о налоговой задолженности и задолженности по обязательным пенсионным взносам и социальным отчислениям в размере одного тенге и более;

5) наличие справки банка или филиала банка просроченной задолженности хотя бы по одному виду обязательств потенциального поставщика, длящейся более трех месяцев, предшествующих дате выдачи данной справки;

6) представление потенциальным поставщиком технической спецификации, не соответствующей требованиям, установленным в технической спецификации конкурсной документации;

7) установлен факт представления недостоверной информации;

8) потенциальный поставщик является аффилированным лицом другого потенциального поставщика, подавшего заявку на участие в данном конкурсе (лоте), если в конкурсе приняли участие только аффилированные между собой лица;

9) цены заявок в тенге потенциальных поставщиков, допущенных к участию в конкурсе, превышают сумму, выделенную на закупки предусмотренную перечнем;

10) ценовое предложение потенциального поставщика признано конкурсной комиссией демпинговым.

25. При определении победителя конкурса, в случае равенства цен конкурсных ценовых предложений потенциальных поставщиков конкурса, предпочтение отдается потенциальному поставщику, который представил конкурсную документацию ранее других потенциальных поставщиков.

26. Если конкурс признан несостоявшимся в целом или по какой-либо части (лоту), то субъект естественной монополии принимает одно из следующих решений:

1) о повторном проведении закупок способом конкурса;

2) об изменении конкурсной документации и повторном проведении закупок способом конкурса.

В случае внесения изменений в конкурсную документацию, сроки и порядок проведения повторного конкурса соответствуют проведению первоначального конкурса.

В случае представления менее двух заявок на участие в конкурсе приглашение на участие в закупках способом из одного источника направляется посредством портала потенциальному поставщику, представившему заявку на участие в конкурсе, при условии соответствия его конкурсной документации. Цена заключенного договора не превышает конкурсное ценовое предложение потенциального поставщика, указанного в заявке на участие в конкурсе, при условии соответствия конкурсной документации.

При осуществлении закупок способом из одного источника по несостоявшимся закупкам субъект естественных монополий направляет посредством портала потенциальному поставщику приглашение принять участие в закупках способом из одного источника.

Действия, указанные в настоящем пункте, оформляются приказами первого руководителя субъекта естественной монополии или лица, исполняющего его обязанности.

27. В случае внесения изменений в конкурсную документацию, сроки и порядок проведения повторного конкурса соответствуют проведению первоначального конкурса.

В случае представления менее двух заявок на участие в конкурсе приглашение на участие в закупках способом из одного источника направляется посредством портала, в том числе потенциальному поставщику, представившему заявку на участие в конкурсе, при условии соответствия его конкурсной документации. Цена заключенного договора не превышает конкурсное ценовое предложение потенциального поставщика, указанного в заявке на участие в конкурсе, при условии соответствия конкурсной документации.

28. Конкурсная комиссия оценивает, сопоставляет конкурсные заявки, за исключением конкурсных заявок потенциальных поставщиков, не принятых к оценке и сопоставлению в соответствии с пунктом 152 настоящих Правил, и определяет выигравшую конкурсную заявку на основе самой низкой цены и с учетом следующих критериев:

1) расходов на эксплуатацию, техническое обслуживание и ремонт;

2) сроков поставки товаров, выполнения работ, предоставления услуг;

3) соответствия функциональных, технических и качественных характеристик товаров, работ, услуг;

4) условия гарантий на товары, работы и услуги;

5) квалификационных данных потенциального поставщика.

При рассмотрении заявок на участие в конкурсе конкурсная комиссия применяет условное уменьшение цен на десять процентов к конкурсным ценовым предложениям потенциальных поставщиков, являющихся отечественными товаропроизводителями.

29. Конкурсная комиссия подводит итоги конкурса в срок не более 6 (шести) рабочих дней со дня вскрытия конкурсных заявок, формирует и размещает на портале протокол об итогах конкурса по закупкам товаров, работ, услуг, подписанный электронной цифровой подписью субъекта естественной монополии.

30. При осуществлении закупок способом конкурса конкурсная комиссия оформляет протокол об итогах конкурса, в котором содержится следующая информация:

1) наименования и краткие описания закупаемых товаров, работ, услуг;

2) наименования и места нахождения потенциальных поставщиков, представивших конкурсные заявки;

3) квалификационные данные потенциальных поставщиков, представивших конкурсные заявки;

4) цена и другие основные условия каждой конкурсной заявки;

5) изложение оценки и сопоставления конкурсных заявок;

6) в случае не принятия к оценке и сопоставлению конкурсных заявок – основания не принятия их к оценке и сопоставлению;

7) наименование и местонахождение победителя конкурса по каждому лоту и условия, по которым определен победитель;

8) наименование, цена потенциального поставщика, занявшего второе место;

9) если в результате конкурса не определен победитель – основания для принятия такого решения конкурсной комиссией;

10) обобщенное изложение запросов о разъяснении конкурсной документации, ответов на них, а также обобщенное изложение изменений и дополнений в конкурсной документации;

11) срок, в течение которого подписывается договор о закупках (но не более десяти рабочих дней со дня получения уведомления победителем конкурса);

12) информация о привлечении технических экспертов;

13) в случае, если конкурс состоялся, то сумма, выделенная субъектом естественной монополии на закупки данных товаров, работ, услуг, предусмотренная Перечнем.

**Договор закупки**

31. Субъект естественной монополии в течение трех рабочих дней со дня подведения итогов конкурса направляет посредством портала победителю конкурса уведомление и подписанный договор о закупках, соответствующий проекту договора в конкурсной документации.

32. Победитель конкурса не позднее пяти рабочих дней со дня получения уведомления о признании победителем конкурса и проекта договора о закупках, подписывает договор о закупках в электронной форме в соответствии Законом об электронном документе или уведомляет субъекта естественной монополии об имеющихся разногласиях или об отказе от подписания договора о закупках посредством портала.

Субъект естественной монополии в течение двух рабочих дней со дня уклонения победителя от заключения договора о закупках направляет потенциальному поставщику, занявшему второе место, проект договора о закупках, удостоверенный электронной цифровой подписью, посредством портала.

Проект договора о закупках должен быть удостоверен потенциальным поставщиком, занявшим второе место, посредством электронной цифровой подписи в течение трех рабочих дней со дня представления ему проекта договора о закупках.

Если потенциальный поставщик, занявший второе место, не подписал в предусмотренный абзацем три настоящего пункта срок, подписанный субъектом естественной монополии договор о закупках, субъект естественной монополии осуществляет повторные закупки.

33. Договор о закупках вступает в силу со дня подписания его уполномоченными представителями сторон.

34. Не допускается вносить какие-либо изменения и (или) новые условия в проект договора о закупках или в подписанный договор о закупках (за исключением уменьшения цены при условии неизменности качества, объемов и других условий, явившихся основанием для выбора поставщика), которые изменят содержание предложения, явившегося основанием для выбора поставщика.

35. Допускается внесение изменений в проект договора о закупках или в подписанный договор о закупках, в части уменьшения цены при условии неизменности качества, объемов и других условий, явившихся основанием для выбора поставщика.

36. К договору о закупках применяются нормы гражданского законодательства Республики Казахстан.

37. По требованию участника конкурса ему предоставляется исчерпывающая информация о результатах конкурса и причинах выбора победителя посредством портала.

38. Потенциальные поставщики и потребители регулируемых услуг могут обжаловать неправомерные действия субъекта естественной монополии, конкурсной комиссии, секретаря конкурсной комиссии (секретариата) и технических экспертов при проведении процедуры закупок, в том числе по требованиям в технической спецификации, протоколов предварительного допуска и об итогах закупок в ведомство уполномоченного органа или его территориальный орган.

39. Договор о закупках не заключается в период обжалования потенциальными поставщиками и потребителями регулируемых услуг действия субъекта естественной монополии, конкурсной комиссии, секретаря конкурсной комиссии (секретариата) и технических экспертов по проведению закупок.

При этом заявитель информирует субъекта естественной монополии об обжаловании действий вышеуказанных лиц.